



bl.group.name__age

Балаларға арналған әңгімелер: Мәдіхат Төрежанов «Адал дос»

Мәдіхат Төрежанов «Адал дос»

Екі дос көше бойымен жайбарақат әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуі Аблан да, екіншісі Абыз. Абыздың денсаулығы нашар, көп жүгіре алмайтын. Бір үйдің жанынан өте бергенде дәу қара төбет арсылдап, тура алдарынан шыға келді. Абыз:

- Аблан, қаш, өне ит келіп қалды! - деп қатты қорқып, айғайлапжіберді. Аблан жерден бір шыбық алып, итке қарсы ұмтылды. Ашулы ит Абланның шалбарынан бірнеше рет жұлқылап та үлгерді. Үлкендер келіп, Абланды құтқарып алды. Абыз Абланның жанына келіп:

- Мен қаш дегенде неге қашпадың? Қашып кеткеніңде шалбарыңды ит жыртып тастамас еді, - деді.

- Мен қашатын болсам, сен тұтылатын едің. Өйткені сен қатты жүгіре алмайсың ғой. Сені иттен қорғайын деп, әдейі қалып қойдым, - деді Аблан.

- Дос деген осындай болар, - деді олардың сөзін естіген үлкендер сүйсініп.